



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Жалғызбасты қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету

Тенгебаева Акерке Ержігітқызы

Erke fanta_jano4ka@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті Әлеуметтік жұмыс мамандығының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші-Д.Г.Есімова

Біздің елімізде, соңғы жылдары қарттар үйінде қарттар саны көбейгендігі байқалуда. Мұның себебі, қарттардың жалғызбастылығы деп айтуға болады. Жалғызбасты қарттар деп-жақын туысы жоқ, туыс болған күндеде басқа қалада немесе мемлекетте тұратын сыонмен бірге, балалары тастап кеткен, жалпы айтқанда қараусыз қалған егде адамды айтамыз. Жақын туысы жоқ немесе тастап кеткен қарттар қарттар үйінде мекендеуге мәжбір. Қарттар үйі жалғызбасты қарттарды қабылдайтын әлеуметтік мекен болып табылады.

Жалпы алғанда, жалғызбасты қарттар БҰҰ мәліметтері бойынша 1950 жылы әлемде орташа шамамен алғанда, 60жаста және одан жоғарғы жастағы адамдардың саны 200 млн құрады. Болжамдар бойынша, болашақта 2025жылы олардың саны 1млрд 100мың адамдарды құрайтын болады.

Зейнетақыға шыққан жеке адамдардың қоғамда бейімделуі қиын және күрделі жағдайда өтіп отырады. Біздің елімізде еңбекке қабілетті жастағы адамдардың және жасы бойынша еңбекке қабілетсіз адамдардың ара қатыннасы, балалармен егде адамдарды жүру қарқынынан нақты айқындалып отыр. Соңғы он жыл кезегінде демографиялық жүктеме коэффициенттің уақытша төмендеп , кемуі еңбекке қабілетті адамдар жүктемесінің азаюымен қатар өтіп жатыр. Бұл ситуация құрамында қарт адамдар бас отбасыларға мемлекетті қолдаудың маңыздылығын күшейте түседі.

БҰҰ- ның принциптері бойынша « Үлкен , егде жастағы адамдардың толық мағыналы етіп қамтамасыз ету негізінде құрылу керек».

Бұл құжат барлық елдердің үкіметтерге қарт адамдарды әлеуметтік қолдаудың нақтылы шараларын асыруды ұсынылады.

1. Қарт адамдарға қатысты ұлттық саясат негізінде, осының нәтижесінде халықтың буындары арасындағы байланысты нығайту;
2. Қайырымдылық көрсеткен ұйымдарды қолдау;
3. Қарт адамдарды экономикалық күзелістерден қорғау;
4. Қарттарға арналған мамандандырылған мекемелерде тұратын өмір сүру деңгейін жоғарлату;
5. Отанында немесе басқа елдерде тұратын жатқан қарт адамдарды әлеуметтік қызметпен толық қамтамасыз ету.

әлеуметтік қызмет көрсету түрлері келесідей болып келеді:

- Зейнетақылар мен жәрдемақылар;
- Қарттар мен мүгедектерге арнаулы мекемелерде қызмет көрсету;
- Мүгедектерге берілетін жеңілдіктер;
- Жалғыз басты қарттарға көмек көрсету;

Мысалға әлеуметтік қызмет көрсету орталығының құрылымына тоқталайық. Оған бірнеше бөлімшелер кіреді. Күндізгі қабылдау бөлімшесі тамақтандыруды, медициналық және мәдени қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Арнайы шеберханалар да және жеке шаруашылықпен айналысу да қарастырылған.

Уақытша тұру бөлімшесінде емдік-сауықтыру және реабилитациялау қызметі, мәдени және тұрмыстық қызмет көрсету, тәулік бойы тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіледі.

Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінде қарттармен мүгедектерге тұрақты немесе уақытша үйде әлеуметтік –тұрмыстық қызмет көрсету ұйымдастырылады.

Әлеуметтік қызмет көрсету орталығындағы жедел әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі келесі қызметтерден тұрады:

- Жедел түрде ыстық тамаққа немесе азық-түлікке мұқтаж адамдарға бір реттік көмек;
- Киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз ету;
- Бір реттік материалдық көмек көрсету;
- Уақытша тұрғын үймен қамтамасыз ету;
- Жедел психологиялық көмек көрсету, соның ішінде «сенім телефоны» арқылы да;
- Заңнамалық көмек көрсету;
- Аймақтық ережеге байланысты көмектің басқа да түрін көрсету.

Атаулы әлеуметтік көмек бөлімшесі де маңызды орында тұр.

Әлеуметтік зерттеулер нәтижесі бойынша жалғызбасты қарттардың жағдайын жақсарту үшін елімізде келесі жұмыстар қолға алынуы тиіс:

- Зейнетақының көбеюі,
- Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің жақсаруы;
- Үйде қызмет көрсету жұмыстарының дамуы;
- Қарттарға арналған үйлер мен онда тұру жағдайларының жақсаруы және т.б.

Көптеген елдерде зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін жақсарту әлеуметтік қамсыздандыру бағытының ең басты мәселесі болып отыр. Бұл мәселе әр елде өзіндік ерекшеліктермен шешіліп келеді.

Кейбір елдерде зейнеткерлер зейнетақысын оның көлеміне қарамастан толықтай алады. Ал кейбір елдерде жинақталған зейнетақы жүйесі жүріп жатыр.

Қарттарға әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету жұмысына баса назар аударған жөн. Бұл жерде барлық жағдайды қарастырған жөн: өзіне өзі қызмет көрсете алмайтындарды ескеріп, ыңғайлы аяқ киіммен, киіммен, қарт адамдардың жүріп-тұруына жеңілдік беретін құрылдармен, кейбір гигиеналық жұмыстарды жүргізу кезінде қиындық тудырмайтын құралдармен қамтамасыз ету.

Жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсетуде әлеуметтік қызметкерлерге кең мүмкіндіктер береді. Мұндай адамдармен жұмыс жасау үшін білім мен тәжірибенің және жан дүниенің үйлесімділігі қажет. Осы үйлесімділікке ие бола отырып қана, қарт адамдардың өмір сүру салтын жақсартуға, олардың тәуелсіздігін, мәртебесін көтеруді қамтамасыз етуге болады.

Мұндай мүмкіндіктердің шеңбері өте кең болып келеді. Себебі, психологиялық жағынан келіспеушіліктер тек қана адамның психикасына ғана емес, оның денсаулық жағдайына толықтай әсер етеді. Әлеуметтік педагог осы шеңбердегі келеңсіздіктің барлығын шешуге тырысып бағуы керек.

Қарттар үйінде әр түрлі жастағы денсаулық деңгейі әр түрлі, тұрмыстық жағдайы әр түрлі қарттар орналыстырады. Мысалы әлі еңбек етуге жарамды, денсаулығы тың ата-әжелерде денсаулығы жарамсыздары да кездеседі.

Қарттар өз балаларынан жылу, ылтипаттылық, мейірімділік көрмегендіктен оны үнемі аңсап жүреді. Қарттарға құрмет көрсету адамгершілігі өз балалараынан болмасада, басқа жастардан туындалуы мүмкін. Қазақ психологиясында мынанадай заң бар: «Өмірге әкелген ата-ананды, өлгенше құрметте!».

Қоғамдағы қарттардың өз туған балаларынан шапағат таппай өмір лайықты қамтамасыз ету бағытында мемлекеттің шапағатын көреді. Жасы үлкен қарияны құрмет ету, олардың киелік кеңестерін, ежелге келе жатқан халқымыздың дәстүріне сай берген ақыл кеңесін тыңдай отырып солар көрсеткен жолмен жүру дәстүрі халықты ежелден бар.

Қарттар үйінде қарт адамдарды әлеуметтік жұмыстарға араластырудың мәні зор. Әдетте әлеуметтік қызметтер қарттармен тікелей өздері жұмыс істегенімен басқа адамдарды, көрөпшіліктерді, балаларды араластырады.

Қарттардың неғұрлым жас балалармен жұмыс істеуі, оларға соғұрлым ләззат береді. Қажеттердің өтілуі жастар арқылы іске асады. Қарттардың өмірін нұрландырып, түрлендіріп мағыналы етеді. Төмендегі мысалдарды атап өтсек олар:

1. Қарттар үйінде қарттармен бірлесе отырып, балалардың мақал- мәтелдер үйренуге жұмылдыру;

2. Оқушылардың қарттарға аранап концерттерді ұйымдастыру;

3. Қарттар үйіне арнайы бір күнді арнап, балалардың қарттарға өз қолдарымен жасаған сыйлықтарды сый сыйапат көрсету;

4. Қарттарға бірлесіп, балалар әр түрлі тақырыпқа шығармалар жаздыру;

5. Мереке күндері мерекені қарттармен атап өту;

6. Қарттармен арнайы кездесуді ұйымдастыру. Кеңесуде қарттардың өткен тәжірбиесіне, кәсіби іс- әрекетіндегі жетістіктерін баяндау.

Әлеуметтік қызметкердің негізгі міндеті- әрқашан уақыт тауып қарттармен атқаратын жұмыстарды ұйымдастырып, оларды жүйелі түрде жүргізіп отыру.

«Жастық шақтың несі жақсы, өмірден адасуы әлі алда,

Қарттық шақтың несі жаман ақыл толған қалтаңда ». Әрине, әр жастың өз ерекшеліктері мен құндылықтары өзгеше. Бірақ адам қартайған сайын оған қамқорлық , көмек пен махаббат керек. Өмірде ең жақсы өзіңді біреуге керек қылғаны емес пе.

Қарт кісілерге әлеуметтік қамқорлық көрсету- әлеуметтік жұмыстың негізгі басты бағыттарының бірі. Қамқорлық қарт азаматтардың жекелік, меншіктік құқықтары мен қызығушылықтарын құқықтық түрде қорғау негізінде түсіндіріледі.

Әлеуметтік зерттеулер бойынша, қарттардың мұндай мекемелерге келуіне мәжбүр ететін себептер: бұл – жалғыздық (48,8%), денсаулықтың қанағаттанарлықсыз жағдайы (30%), отбасыдағы шиеленіс жағдай мен туыстардың инициативасы (19%).

Интернат-үйлерінде тұратын қарттардың арасынан 3 топты бөліп көрсетуге болады:

1. қалайтындар-жалғызбастылар;

2. отбасымен тұратын- қалайтындар;

3. қаламайтындар, бірақ әр түрлі себептерге байланысты интернат-үйлеріне келуге мәжбүр болғандар; Бұл әрине оңай мәселе емес.

Соңғы кездері, елімізде қарттардың үйлеріне барып әлеуметтік қызмет көрсету үрдісі дамып келеді. Бұл- тамақтану мен тамақты үйіне жеткізу ұйымы, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, қаза болған жалғызбасты қарттарды жерлеу дәстүрін ұйымдастыру, әр түрлі тұрмыстық қызмет көрсету жолдарын ұйымдастыру (үйін ремонттап беру, жылумен қамтамасыз ету, су жеткізу, коммуналдық қызметке ақысын төлеу т.с.с.), іс қағаздар жұмысына көмектесу.

Әлеуметтік қызметкердің басты ерекшелігі мемлекеттің әр түрлі саласындағы әр тарапта қызмет ету, соның бірі- қарттармен және қарттар үйіндегі қарттармен жұмыс. Бұл жұмыс мемлекеттік іс болып табылады, басқаша айтқанда әлеуметтік қызметкер мемлекеттік істі жүзеге асырады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында өзінің тәуелділіктерін нығайту мақсатында қоғам өмірінің барлық саласында өркениетті елдердің жолына түсті. Олардың ішінде қарттарға әлеуметтік қамқорлық жасау мәселесі де бар.

Қазіргі қоғамдағы қарттар өткен жастық өмірлерінде белгілі бір қоғамдық қызметпен айналысатын немесе ҰОС ардагерлері болып келеді.

Үкімет тарапынан, соғыс еңбек ардагерлері туралы заң жобасы жасалып, онда соғыс және еңбек ардагерлерінің мүдделері қамтылған. Бұл заң жобасында Қазақстандағы қазақстандықтардың лайықты өмір сүруін, белсенді қызметін, қоғамда оларға сый құрметті қамтамасыз ететін жағдайлар жасау, қарттар үйіндегі ата- әжелерге бүкіл мемлекеттік жасау, мемлекеттің тарапынан да, қоғам тарапынан да мұқтаждары мен қажеттіліктерін ерекше көңіл бөлу мақсатында оларды әлеуметтік қорғаудың құқықтық кепілдектер белгіленген.

Сондай- ақ заң жобасында соғыс кезінде және мемлекеттің мүддесі үшін басқа да соғыс операциясы кезінде Отан қорғауға қатысқан, соғыс кезіндегі аса ауыр жағдайларды, төтенше жағдайларда Еңбек еткен немесе еңбегі үшін марапатталған ҚР- ғы қарттармен мүгедектердің құқықтық мәртебесі айқындалған. Заң жобасында қарттардың мынадай санатын белгілеген:

1. ҰОС қатысушылар;

2. ҰОС мүгедектер;
3. ҰОС қатысушыларға теңестірілетін адам;
4. ҰОС мүгедектеріне теңестірілетін адамдар;
5. ҰОС тыл еңбеккерлер

Қарияларды, жасы үлкендерді құрметтеу, олардың киелі кеңестерін, ежелден келе жатқан дәстүрге сай берген, ақыл кеңестерін тыңдай отыпыр, солар көрсеткен жолмен жүру дәстүрі халқымызда әлі күнге қолданысқа ие.

Қарттар үйіндегі қарттар жөнінде, оларды қорғау, көмек көрсету әлеуметтік қызметтің назарынан тыс қалған емес. Соңғы жылдары әлеуметтік танушылардың негізгі пікір таластарының бірі- отбасына және отбасылық өмірімен, отбасыларындағы қарттармен жүргізілетін жұмысқралқының санын арттыру. Бұл қоғамды толғандырып отырған мәселе.

Әлеуметтік қызметкер әр қашанда өзі атқаратын жұмыстарға жауапты әсіресе қарттармен жүргізілетін жұмыстарды белгілі бір нысананы көздеген құнды дүние болу қажет.

Әлеуметтік қызметкердің қарттар үйімен жүргізілетін әлеуметтік –педагогикалық-психологиялық жұмыстары екі жақты сипатқа ие.

I. Қарттар үйіндегі қарттарғамектерпгі оқушыларды ұйымдастырып алып барып, мерекелермен құтықтап, сыйлықтар беріп, концерттік бағдарламалар құрып, қарттарға көңіл бөліп, көмек көрсету болса, екі ншісі балаларға жастарға тәрбие беру, ерте байап олардың бойында ата- анаға деген құрметті сезіндіру, үлкенді сыйлау, ата- әже алдынан кесе өтпеу, оларға көмектесу сияқты, тәрбиелік іс- шаралар жүргізу;

II. Әлеуметтік қызметкер қарттармен атқаратын жұмысын ұйымдастырып, ірқашан уақыт тауып, жүйелі түрде өткізіп отыру керек. Сондай- ақ әлеуметтік қызметкер қарттармен оның кезінде атқаратын жұмыс саласына байланысты кейбір ерекше қасиеттердімен қиыншылықтарын жас ұрпаққа үлгі етіп отыру қажет.

Әлеуметтік қызметкер қарттардың еңбегін асыл мұра деңгейінде қарап, оны балаларға үлгі өнеге ретінде пайдалынады. Қоғамның ең бір талаптарының бірі әр азаматтың өмірде өз орнында толық күш жігерін жұмсап, қоғамдық байлықты еселей түсуге еңбек үлесін қосуы, еңбекке адал саналы қатысу қоғамдық өмір салтының алғы шарты болып саналады.

Халқымыз айқандай,

Атадан жақсы ұл туса,

Есіктегі басын төрге сүйрер.

Атадан жаман ұл туса,

Төрдегі басын көрге сүйрер- дегендей атамыздың, анамыздың жалпы қарттарымыздың басын төрге сүйрер азамат болайық. Және жалғызбасты қарттардың көбеюіне жабылып жол бермейік. Ұлт қазынасы болған қарияларымыз, дарияларымыз аман болсын.

УДК 316.6:[297:327.3]

ПРИЧИНЫ ВОЗНИКНОВЕНИЯ КРИЗИСА СЕМЬИ И ПУТИ ИХ ПРЕОДОЛЕНИЯ

Толеубекова Гультур

Guka Guka gguka@mail.ru

Магистрант 1 курса специальности «Психология»

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - М.М. Рыскулова

Семья - это исторически конкретная система взаимоотношений между супругами, родителями и детьми, как малой группы, связанной брачными или родственными